

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

ІК1102 «Қазақстан тарихы»

Кредит саны – 5

Сағат саны – 3

Оқу формасы: күндізгі

Алматы, 2025

Оқу жоспары негізінде жасалынды.
Қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған: аға оқытушы М.Н. Ибрагимова
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.
«04» 12. 2025ж. № 4 Хаттама
Кафедра меңгерушісі Н.Б. Тәуекелов Н.Б. Тәуекелов

КІРІСПЕ

«Қазақстан тарихы» курсы еліміздің тарихын ежелгі уақыттардан бастап қазіргі күндерге дейін қамтиды. Оқыту құрылымы бойынша Қазақстан тарихы қазақ халқының өзіндік тарихы ретінде және еуразиялық, көшпенді және далалық өркениеттің, түркі халықтарының, сондай-ақ әлемдік тарихтың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Бағдарлама авторлары Қазақстан аумағы ешқашан оқшауланбағанын сонымен қатар, елдің өткені еуразия даласымен бүкіл орталық Азия өңірі тарихымен тығыз байланысты болғандығын есте ұстады. Сондықтан Қазақстан тарихын оқытуда негізгі этностың менталитетімен, ерекшеліктерімен, мәдени өзгешеліктерімен және дәстүрлерімен қатар, ежелден бастап қазірге дейін осы аумақты мекендеуші халықтардың әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттерін, синкреттік бірлігін көрсету ләзім. Оқыту процесінде өткен ғасырлардағы негізгі оқиғалардың қазақ халқының бірігуіне, оның шаруашылығы, мәдениеті мен мемлекеттілігінің қалыптасуына әсерін көрсету қажет. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің «Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы» РМҚМ ұлттық бірінғай тестілеуге (ҰБТ) дайындау мүмкіндігін де осы бағдарламада қарастырдық, екіншіден шетелден келген оралман тыңдаушылардың тарих пәнін оқымауына байланысты адамзат тарихының жалпы заңдылықтары, ортақ мәселелері, ұқсас, мазмұндас түбірлері ескеріліп отырды.

Пәннің міндеттері:

- Қазақстан тарихы пәні бойынша ұсынылып отырған тест тапсырмаларының мазмұны жыл мен ғасыр арақатынасын қолдана білуін, қазақ территориясындағы мемлекеттердің қалыптасу ерекшеліктерін, мәдени және әдеби жетістіктерін білуіне дайындау;
- қазақ халқы тарихының, оның қалыптасу, өрлеу кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктерін тыңдаушыларға түсіндіру барысында толық мағлұмат беру;
- ҚР Ғылым Академиясының тарих және этнология институты әзірлеп шығарған көп томдық Қазақстан тарихының алғашқы томдарын және тестте көп кездесетін әдебиеттерден мәлімет жасап отыру;
- ауқымды және нақты материалдарды оқып үйрену;
- проблемалық дәрістер әдісін қолдану жолымен тыңдаушыларда шығармашылық ойлауды қалыптастыру;
- Қазақстан тарихының гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орнын, оның объектісі мен пәнінің ерекшеліктерін, ең өзекті проблемаларын анықтау;
- тарих және тарих ғылымының ролі, оның салалары мен бағыттары, тарихтың белгілі кезеңдеріндегі әлеуметтік және саяси проблемалары туралы түсінік қалыптастыру.

Пәннің практикалық және тәрбиелік бағыты:

- тыңдаушылардың сауаттылық дейгейін арттыра отырып, өз туған отанына деген қызығушылығын қалыптастыру;
- қазақтың мәдениетін, әдебиетін, тілін, дінін құрметтеуге баулу.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ауызша емтихан: дәстүрлі-сұрақтарға жауаптар

Емтихан форматы-синхронды.

Ауызша емтихан өткізіледі: офлайн (бетке-бет жүздесу)

Емтиханның өткізілуін бақылау: оқытушы және емтихандық комиссия.

Ұзақтығы:

Дайындық уақыты – 20 минут.

Жауап беру уақыты - 15 минут.

Тыңдаушылар

1. Емтихан басталар алдында келесілерді орындауы керек:
 - өзімен бірге алып кіретін жеке басын куәландыратын құжатты дайындап қоюы қажет;
 - байланыс телефонын өшіруі және емтиханға кіргенде комиссияға өткізуі керек;
 - емтихан тапсыруға кіргеннен кейін емтихан сұрақтарына толықтай жауап беріп болмайынша аудиториядан шығып кетуге рұқсат етілмейтіндіктен барлық қажеттіктерін (су алып кіру, дәрі ішу, т.с.с.) орындауы керек;
2. Емтихан басталған кезде комиссия шақырған тыңдаушы өзінің жеке куәлігін көрсетеді.
3. Тыңдаушылар емтихан билетін таңдау арқылы алады. Емтихан сұрақтары (билеттер) қағаз нұсқасында даярланады. Тыңдаушыларға емтихан сұрақтарына дайындалу үшін қажет болса таза ақ парақтар беріледі, яғни өзімен берге парақтар, қағаздар алып кіруге болмайды. Емтихан сұрақтарына дайындалуға 20 минут беріледі.
4. Емтихан сұрақтарына дайындалуда шпаргалка, қандай-да болмасын байланыс құралдарын, т.с.с. көмекші құралдарды пайдалануға, басқа тұлғамен байланыс жасауға (сөйлесуге, сұрауға) тиым салынады. Емтихан қабылдаушыға бір ғана жағдайда жүгінуге болады: емтихан сұрағы түсініксіз болса, соны нақтылау үшін, грамматикалық қателіктер орын алса.
5. Емтихан өткізілуі барысында аудиториядан шығып кетуге болмайды.
6. Емтихан сұрақтарына жауап беру үшін әрбір тыңдаушыға 15 минут уақыт беріледі. Жауап емтихан билетінде көрсетілген сұраққа қатысты болуы керек.
7. Жауап беріп болған соң тыңдаушы емтихан залынан шығады. Емтихан нәтижесі шығарылып, оны тыңдаушыларға естірту үшін емтихан залына шақырғанға дейін олардың емтихан залына кіріп-шығуына рұқсат етілмейді.
8. Жауапты бағалау критерийлері:
 - жауаптың анықтығы, нақтылығы;
 - жауаптың түсінікті қарапайым тілмен баяндалуы;
 - жауаптың толықтығы;
 - жауап беруде қажет болған жағдайда тиісті құқықтық актінің нормасына сүйенуі, жауабын құқықтық норманы пайдалану арқылы негіздеуі
 - сұрақ бойынша жеке өзіндік пікірінің, көзқарасының болуы

Білім алушы ағымдағы (АБ1 және АБ) және қорытынды бақылаудан (КБ) оң баға алған жағдайда ғана пән бойынша қорытынды баға: Қорытынды баға= **(АБ1 және АБ2)/3x0,6+(КЕх0,4)** Формуласы бойынша есептеледі.

Тыңдаушылардың оқу жетістіктері сандық эквиваленті бар халықаралық деңгейде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес 100 баллдық шкала бойынша (оң бағалар «А»-дан төмен қарай «D»-ға дейін (100-50 және «қанағаттанарлықсыз» – «FX» (25-49), «F» (0-24) және дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша белгіленеді. «FX» бағасы тек қорытынды емтихан үшін қойылады.

«FX» (25-49) белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәні/модулі бағдарламасын қайта өтпей, осы баға алынған аралық аттестациядан кейінгі «Incomplete» кезеңінде ақылы түрде қорытынды бақылауды қайта тапсыра алады.

«FX» қайта тапсыру кезінде **«F» немесе «FX»** бағасын алған жағдайда білім алушы ақылы негізде оқу пәніне/модуліне қайта жазылып, оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жоспарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

«FX» бағасымен емтиханды қайта тапсыру ақылы негізде бір рет қана рұқсат етіледі.

Егер білім алушы «Incomplete» кезеңінде «FX» бағасын алса немесе емтихан тапсыруға келмесе, онда ақылы негізде пән бойынша оқу сабақтарының барлық түріне қайтадан қатысады, бағдарламаға сәйкес пән бойынша оқу жұмыстарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F		0-24	

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ОҚУ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

- Тақырып 1.** Қазақстанда хандық биліктің жойылуы. 1822 жылы қабылданған «Сібір қазақтарының жарғысы», 1824 жылғы «Орынбор қырғыздарының жарғысы».
- Тақырып 2.** Қазақстан – Ресей империясының отары. Ұлы жүздің Ресейге қосылуы. Орта Азия хандықтарының Қазақстанға шабуылдары.
- Тақырып 3.** XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан. Патшалық Ресейдің Қазақстанда 1867-1868 жылдары жүргізген әкімшілік-басқару реформасының мақсаты мен міндеттері.
- Тақырып 4.** XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мәдениеті. Орыс демократиялық мәдениеті. Қазақтың ұлы ғалымы - Ш.Уалихановтың ғылым мен мәдениеттің дамуына қосқан үлесі.
- Тақырып 5.** XX ғ. басындағы Қазақстан. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. 1905-1907 жж. I орыс революциясы кезіндегі Қазақстанның жағдайы.
- Тақырып 6.** Қазақстан азаматтық қарсы тұру кезеңінде. 1916 жылғы көтерілістің алғышарттары мен сипаты, Ұлт-азаттық қозғалыстың барысы, жеңілу себептері.
- Тақырып 7.** 1917-1918 жж. Қазақстандағы саяси ахуал. Қазақстанда саяси биліктің ауысуы. Ақпан революциясы тұсындағы Қазақстан. Қазақстандағы Қазан төңкерісінің орын алуы.
- Тақырып 8.** Кеңестер Қазақстанда. Азамат соғысы жылдарындағы Қазақстан. Қазақстанда кеңес үкіметінің орнауы.
- Тақырып 9.** 1930 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. Жазалау органдарының қызметінің кенеюі. Жазалау шаралары. 1937-1938 жж. лаңкестіктің сипат алуы.
- Тақырып 10.** Күштеп ұжымдастыру және оның зардаптары. Индустрияландырудың отарлық мазмұны.
- Тақырып 11.** XX ғ. I жартысындағы Қазақстанның мәдениеті. Білім мен ғылымның, әдебиет пен өнердің дамуы.

Тақырып 12. 40-60 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі. Өмірлік-әкімшілік жүйенің нағаяуы. Басқарудың пирамидалық құрылымы.

Тақырып 13. 50-60 жылдардағы Қазақстанның экономикасы. Республика өнеркәсібін қайта құру және одан әрі дамыту. Экономикалық реформаларға талпыныс. Әлеуметтік даму. Ауыл шаруашылығының дамуы.

Тақырып 14. Тоқырау жылдарындағы Қазақстан. Қоғамдық-саяси дамудың кайшылықтары. Тоқырау жылдарының идеологиясы және КОПК-ның ұлттық саясаты. Өнеркәсіптегі жағдай.

Тақырып 15. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы декларациясының жариялануы. Егемендік жағдайындағы саяси даму. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

Оқулықтар мен оқу құралдары:

1. Курс «Қазақстан тарихы». Оқу бағдарламасы (негізгі курс) Әмірханов М. // Казахский и русский языки в программах. Бас ред. Доктор филол. Наук, проф. Ж.А.Нуршаихова. А., 2005.
2. А.К.Бегалиева «Қазақстан тарихы» Оқу қралы А.2020.
3. М.Б.Әмірханов, А.К.Бегалиева, Ш.С.Оңғарова Қазақстан тарихы және географиядан тест тапсырмалар жинағы А.2018.
4. А.К.Бегалиева «Қазақстан тарихы». Оқу құралы. А., 2017
5. А.К.Бегалиева «Қазақстан тарихы пәнін оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулық». А., 2017
6. Қ.Қ. Құнапина, Ж.Ж. Құмғанбаев, А.Ш. Махаева. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау(Орта мектеп пен оқушыларына және талапкерлерге арналған әдістемелік құрал). 2013-2014 оқу жылы.
7. М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Қ. Жүкешев. Қазақстан тарихы(1914-2008). Алматы «Мектеп» баспасы, 2009
8. С. Жолдасбаев. Қазақстан тарихы. Алматы «Мектеп» баспасы, 2010
9. Т. Тұрлығұл, С. Жолдасбаев, Л. Қожакеев. Қазақстан тарихы. Алматы «Мектеп» баспасы, 2011
10. М.Н. Ибрагимова, С.А. Нусупбаева, Н.Мажикқызы. Шетелдік тыңдаушыларға ЕжелгіҚазақстан тарихын оқытуда қолданылатын кестелер мен тірек- сызбалар.Оқу-әдістемелік нұсқаулық. – Алматы «Қазақ университеті», 2015. – 21 б.
11. А.К.Бегалиева, Д.Г. Ахметжанов. Қазақстан тарихын оқыту. Оқу-әдістемелік нұсқаулық. – Алматы «Қазақ университеті», 2017. – 21 б.

Қосымша ұсынылатын әдебиеттер:

Зерттеулер:

1. Кәрібаев Б.Б.Қазақ хандығының құрылу тарихы А.2015.
2. Кәрібаев Б.б. Қазақ хандығының күшеюі. А.2015.
3. Қозыбаев М.Қ. История и современность 1- том А.2015.
4. Қозыбаев М.Қ. История и современность 2- том А.2015
5. Сулейменов Р.Б. Избранные труды 1-том А.2015 .
6. Сулейменов Р.Б. Избранные труды 2-том А.2015
7. Алдажұманов Қ.С. «Соғыс.Халық.Жеңіс.»Құжаттар жинағы (1941-1945 жж.) А.2015.
8. Балтабаева К.Н., Мамашев Т.А. Қазақ диаспорасы және Атамекенге оралу (1991-2012жж.) А.2016.
9. Қалшабаева Б.К.Әлем халактарының этнографиясы А.2017.
10. Алибек С.Н.,Қосанбаев С.К.,Бегалиева А.К.Этнология Казахстана; История и современность А.2018.

11. Бегалиева А.К. Қосанбаев К. История изучения этнографии народа в турах дореволюционных Российских исследователей (XVIII-начале XX вв.). А. 2019

12. Қожа М.Б., Есжан Е.Ә., Бегалиева А.К. Орта Азия мен Қазақстан археологиясы және М.Е.Массон. А. 2020.

Деректер:

1. Н.Я.Бичурин (Накинф.). Собрание сведений о народах обитавших в Сред Средней Азии в древние времена. Ч. 1-2. М.-Л., 1950.
2. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Ч.1-2. М.-Л., 1935-1936.
3. История Казахстана с древнейших времен до XVIII конца в. Практикум-Учебное пособие. А., 1992.
4. «Сокровенное сказание» Монгольская хроника 1240 г. Монгольский обыденный сборник. Пер. С.А.Козина. М.-Л., 1941.
5. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1-3. М.-Л., 1946-1960.
6. Мухаммед Хайдар Мырза Дулати. Тарихи Рашиди. Ташкент. 1996.
7. Материалы по истории Казахских ханств XV-XIX вв. А., 1969.

Емтихан сұрақтарын құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Ауызша емтиханның мақсаты: пәнді оқу барысында қол жеткізілген оқу нәтижелерін көрсету; қалыптасқан дағдылар мен құзыреттіліктер; өз ойларын ауызша жеткізе білу, өз жауабын дәлелдей білу.

Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ бар:

Билеттің бірінші сұрағы (когнитивті): тарихи оқиғалар тапсырмасын орындау кезінде материалды білу және меңгеру. Білім алушы:

1. Термин сөздермен жұмыс жасайды.
2. Тарихи оқиғаны хронология желісімен баяндайды.
3. Тарихи оқиғаға талдау жасайды.

Билеттің екінші сұрағы (функционалды):

1. Тұлғалар бейнесін сипаттайды.
2. Хронологиямен жұмыс жасайды.
3. Тарихи оқиғаларды баяндайды.

Билеттің үшінші сұрағы (жүйелік):

1. Тарихи термин сөздерге талдау жасайды.
2. Тарихи тұлғаларға сипаттама береді.
3. Тарихи оқиғаларды мазмұндайды.

Билеттің бірінші сұрағын тұжырымдау үлгісі (когнитивті):

- Термин сөздермен жұмыс жасаңыз.
1. Полихромдық стиль дегеніміз не?
 2. Саркофаг деген не?
 3. Дромос нені білдіреді?

Билеттің екінші сұрағын тұжырымдау үлгісі (функционалды):

Қазастандағы тас дәуірін желісімен баянданыз.

1. Полеолит
2. Мезолит
3. Неолит

Билеттің үшінші сұрағын тұжырымдау үлгісі (жүйелік):

Сактар тарихына талдау жасаңыз.

1. Сактардың қоғамдық құрылысын баяндаңыз.
2. Сактардың саяси тарихын сипаттаңыз.
3. Сактардың шаруашылығы мен мәдениетіне шолу жасаңыз.

Емтихан өткізу рәсімі.

1. Стандартты ауызша офлайн емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.
2. Ауызша офлайн емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы білім алушыларды тексереді, білім алушыларды белгіленген орындарына отырғызады.
3. Бөгде адамның ауызша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы қағидаларды бұзу туралы тиісті акт жасайды.
4. Кешігіп келген білім алушыларға емтихан тапсыруға рұқсат берілмейді.
5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.
6. Дайындыққа 20 минут, жауапқа 15 минут уақыт беріледі.
7. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.
8. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру "F" бағасы ретінде бағаланады.
9. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "F" бағасы ретінде бағаланады.
10. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасы қойылады.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ АЙДАРЫ

(стандартты ауызша формасы үшін)
Платформа: Univer жүйесінде офлайн

Критерий				
1-сұрақ		33 балл		
Когнитивті	28-33	18-27	9-17	0-8
Термин сөздермен дұрыс жұмыс жасауды біледі.	Термин сөздермен өте жақсы жұмыс жасайды.	Термин сөздермен жақсы жұмыс жасайды.	Термин сөздермен нашар жұмыс жасайды.	Термин сөздермен өте нашар жұмыс жасайды.
2-сұрақ		33 балл		
Функционалды	28-33	18-27	9-17	0-8
Тарихи оқиғаны хронология желісімен баяндауды дұрыс біледі.	Тарихи оқиғаны хронология желісімен өте жақсы баяндайды	Тарихи оқиғаны хронология желісімен жақсы баяндайды	Тарихи оқиғаны хронология желісімен нашар баяндайды	Тарихи оқиғаны хронология желісімен өте нашар баяндайды
3-сұрақ		34 балл		
Жүйелік	28-34	18-27	10-17	0-9
Тарихи оқиғаға талдау жасауды біледі.	Тарихи оқиғаға өте жақсы талдау жасайды.	Тарихи оқиғаға жақсы талдау жасайды.	Тарихи оқиғаға нашар талдау жасайды.	Тарихи оқиғаға өте нашар талдау жасайды.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы: $BC1+BC2+BC3=QB$

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = %1+%2+%3=ҚБ

мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі,

К-критерийлердің жалпы саны.